

## Қазақстан Республикасындағы сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарын еріксіз тарату туралы ереже

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының қаулысы 2001 жылғы 28 қазан N 420. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 25 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1769. Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 наурыздагы N 77 қаулысымен.

***Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы үйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 наурыздагы N 77 қаулысымен .***

***Ескерту: Қаулының атауындағы және мәтін бойынша "үйымдарының уақытша әкімшілігінің, арнайы басқарушысының қызметі және" деген сөздер "үйымдарын" деген сөзben ауыстырылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық үйимдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 8 қаулысымен .***

Сақтандыру қызметін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ Е Т Е Д И :

1. Қазақстан Республикасындағы сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарын еріксіз тарату туралы ереже бекітілсін және Ереже мен осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін күшине енгізілсін.

2. Банктерді және сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарын тарату ісін бақылау басқармасы (Бадырленова Ж.Р.) және Банктерді және сақтандыруды қадағалау департаменті (Мекішев А.А.) Зан департаментімен (Шеріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасындағы сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарын еріксіз тарату туралы ережені Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын .

3. Банктерді және сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарын тарату ісін бақылау басқармасы (Бадырленова Ж.Р.) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны және Қазақстан Республикасындағы сақтандыру (қайта сақтандыру

) ұйымдарын еріксіз тарату туралы ережені Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдарына жіберсін.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалдары осы қаулыны және Қазақстан Республикасындағы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын еріксіз тарату туралы ережені Банктерді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын тарату ісін бақылау басқармасынан алған күннен бастап төрт күндік мерзімде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына жіберсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары К.А.Колпаковқа жүктелсін.

## Ұ л т т ы қ                           Б а н к

### *Төрағасы*

Қазақстан Республикасының Ұлттық  
Банкі Басқармасының "Қазақстан  
Республикасындағы сақтандыру  
(қайта сақтандыру) ұйымдарын еріксіз  
тарату туралы ережені бекіту  
туралы" 2001 жылғы 28 қазандағы  
N 420 қаулысымен  
**БЕКІТІЛГЕН**

**Қазақстан Республикасындағы сақтандыру (қайта сақтандыру)  
ұйымдарын еріксіз тарату туралы ереже**

*Ескерту: Ереженің атауына өзгеріс енгізілді, мәтіндегі "уәкілетті мемлекеттік органның", "уәкілетті мемлекеттік органмен", "уәкілетті мемлекеттік орган", "уәкілетті мемлекеттік органға" деген сөздер тиісінше "уәкілетті органның", "уәкілетті органмен", "уәкілетті орган", "уәкілетті органға" деген сөздермен аудыстырылды - ҚР Қаржырын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 8 қаулысымен .*

Осы Ереже Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, "Сақтандыру қызметі туралы", "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы", Қаржырын және қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы", "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Зандарына, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарын еріксіз тарату, оның ішінде банкроттық негіз бойынша тарату тәртібін, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының құқықтық мәртебесін және өкілеттіктерін, таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторлар комитетін қалыптастыру мен қызметінің ерекшеліктерін, қаржырын және қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (

бұдан әрі - уәкілетті орган) өкілеттіктерін айқындайды.

*Ескерту: Кіріспе жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржырыногын және қаржылық үйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 19 қантардағы N 8 қаулысымен .*

### **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарын еріксіз тарату соттың шешімі бойынша, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда жүзеге асырылады.

2. Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымын еріксіз тарату туралы сот шешімінің заңды күшіне ену күнінен бастап және тарату процесінің басы болып саналады.

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымын еріксіз тарату туралы сот шешімінің заңды күшіне ену күнінен бастап және тарату процесі аяқталғанға дейін:

1) акционерлердің жалпы жиналысының, еріксіз таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының басқа органдары мен лауазымдық тұлғаларының, оның ішінде мүлікті басқару және міндеттемелерді өтеу жөніндегі өкілеттіктері, сондай-ақ олардың сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымын басқару жөніндегі құқықтары тоқтатылады;

2) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының атынан немесе соның есебінен жүзеге асатын іс-әрекеттердің егер оларды сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының таратылатын комиссиясының төрағасы немесе ол берген сенімхат бойынша жасалған жағдайда заңды күші болады;

3) "Сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 72-бабының 2-тармағында көзделген сақтандыру төлемдері жөніндегі міндеттемелерден басқа таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының барлық борыштық міндеттемелерінің мерзімі біткен болып есептеледі;

4) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының кредиторлық берешегінің барлық түрлері бойынша тұрақсыздық айыбын және сыйақыны (мұддені) есептеу тоқтатылады;

5) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының мүлкіне өндіріп алу жөніндегі өтінішке заңнамамен белгіленген барлық шектеулер алынып тасталады;

6) сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымына қатысты мүліктік сипаттағы барлық талаптар осы сәттен бастап тек таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының атына ғана беріледі және осы Ережеде, сондай-ақ қолданылып жүрген заңнамада белгіленген тәртіппен қаралады.

3-1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымын - кепілдік берілген сақтандыру төлемдері жүйесінің қатысушысын еріксіз тарату туралы соттың шешімі заңды

күшіне енген күннен бастап міндettі сақтандыру тұрлери бойынша сақтандыру төлемдеріне кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымға "Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы" Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде айқындалған еріксіз таратылатын ұйымның міндettі сақтандыру шарты бойынша барлық басталған сақтандыру жағдайлары жөніндегі міндettемелері (кеңілдік берілген және өтемақы жасау төлемдері) өтеді.

*Ескерту: 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 19 қантардағы N 8 қаулысымен .*

4. Сот уәкілдепті органның лицензияны қайтарып алудымен байланысы жоқ негізде бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын еріксіз тарату туралы шешім қабылдаған жағдайда уәкілдепті орган заңнамада белгіленген тәртіппен оның лицензиясын қайтарып алу туралы мәселені қарайды.

5. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы заңнамада белгіленген тәртіппен тек соттың шешімі бойынша ғана банкрот болып таныла алады. Дәрменсіз сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын оның кредиторларының және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шешімі бойынша соттан тыс тарату рәсіміне жол берілмейді.

6. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының банкротқа ұшырауы туралы іс бойынша бітім келісімін жасауға жол берілмейді.

7. Лицензиялары қайтарып алған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру немесе басқа да қызметті жүзеге асыруға құқығы жоқ, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын ұстауға жұмсалатын ағымдағы шығыстарға, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына келіп түсетін ақшаның есептелуін және сақтандыру оқиғалары басталған бұрын жасалған сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдерін жасауға байланысты жағдайларды қоспағанда қолдағы банктік есепшоттар бойынша барлық операцияларды тоқтатуға міндettі.

8. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының уақытша әкімшілігінің және тарату комиссиясының құрамына енгізілген уәкілдепті органның қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкі болмаған жағдайда не оның құны осы шығыстардың орнын жабуға жеткілікіз болғанда соттың сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын еріксіз тарату жөнінде шешім қабылдағаны туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының барлық аумағында таратылатын екі мерзімді басылымда жариялау бойынша шығыстардың орнын жабу жағдайларын қоспағанда, уәкілдепті органның сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын еріксіз таратуға байланысты шығыстарды қаржыландыруына тыйым салынады.

*Ескеरту: 8-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржырыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 19 қантардағы N 8 қаулысымен .*

**2-тaraу. Уақытша әкімшіліктің (уақытша әкімшілік басқарушысының) өкілеттіктері**

*Ескерту: 2-тaraу (9-17-тармақтар) алғыншы тасталды - ҚР Қаржырыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 19 қантардағы N 8 қаулысымен .*

**3-тaraу. Арнайы басқарушының өкілеттіктері**

*Ескерту: 3-тaraу (18-23-тармақтар) алғыншы тасталды - ҚР Қаржырыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 19 қантардағы N 8 қаулысымен .*

**4-тaraу. Тарату комиссиясы**

24. Тарату комиссиясы тағайындалған күннен бастап оған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкін және ісін басқару жөніндегі өкілеттіктер өтеді.

Тарату комиссиясы уақытша әкімшіліктен (уақытша басқарушыдан) 10 күндік мерзімде сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына берілген лицензиялардың түпнұсқаларын, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкін және құжаттарын қабылдау-өткізу актісі бойынша қабылдап алады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына берілген лицензиялардың түпнұсқалары тарату комиссиясы тағайындалған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органға қайта рулуға жатады.

Тарату комиссиясы кредиторлармен және акционерлермен есеп айырысады қамтамасыз ету жөніндегі істі қоса алғанда, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ісін аяқтау үшін шаралар қабылдайды.

*Ескерту: 24-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржырыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 19 қантардағы N 8 қаулысымен .*

25. Тарату комиссиясы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атынан және оның құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешім қабылдау кезінде дебес әрекет етеді.

Тарату комиссиясының шешімі хаттамамен реcімделеді.

26. Кредиторлар комитеті құрылғанға дейін тарату комиссиясының төрағасына және мүшелеріне төлемнің мөлшерін қоса алғанда, тарату шығыстарының сметасын уәкілетті органның келісімі бойынша тарату комиссиясының төрағасы бекітеді.

26-1. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясы төрағасының, мүшелерінің және өзге де тартылған қызметкерлердің

әрқайсынына төленетін сыйақының ай сайынғы мөлшері тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңдарда белгіленген олардың ең аз жалақысының он еселенген мөлшерінен аспауға тиіс.

*Ескертү: 26-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 19 қантардағы N 8 қаулысымен .*

27. Тарату комиссиясының төрағасы тарату комиссиясының жұмысына басшылық жасайды және оның қызметінің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылуына дербес жауап береді . Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының төрағасы болмаған кезде оның міндеттерін орынбасар орындалды.

28. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалдары не өкілдіктері болған жағдайда, оларды сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының сол жерде құрылған бөлімшесі (бұдан әрі - бөлімше) таратады.

29. Бөлімшеге тарату комиссиясы мүшелерінің арасынан тарату комиссиясының төрағасы тағайындастын бөлімше басшысы (бұдан әрі - бөлімше басшысы) басшылық жасайды.

30. Бөлімше басшысы тарату комиссиясының төрағасы берген сенімхат негізінде қызметін жүзеге асырады. Бөлімше басшысы және тұтас алғанда бөлімше тарату комиссиясының төрағасына есеп береді.

31. Бөлімше басшысы бөлімше қызметіне және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалдарын не өкілдіктерін таратуға Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жауап береді.

32. Тарату комиссиясы мүшесінің, бөлімше басшысының, тарату комиссиясына тартылған қызметкердің құқықтары мен міндеттерін, еңбекке ақы төлеу талаптарын қоса алғанда тарату комиссиясының төрағасымен жасалатын жеке еңбек шартында (келісім-шартта) айқындалады.

33. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясының төрағасы оның қызметіне жедел басқаруды жүзеге асырады, бөлімшелері мен олардың басшыларының қызметіне бақылау жасайды.

34. Тарату комиссиясының төрағасы, бөлімшелерінің басшылары мен мүшелері сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату барысында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына шығын келтіру, өкілеттікті теріс пайдалану, сондай-ақ басқа да жол берілген жөнсіздіктер үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленгендей жауап береді.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясы заңды теріс мақсатта пайдалану немесе басқа да бұзы фактілері анықталған жағдайда белгіленген тәртіппен құқық қорғау органдарына хабарлауы, сондай-ақ уәкілетті орғанға мәлімдөүі тиіс .

*Ескерту: 34-тармаққа өзгеріс және толықтыру енгізілді - КР Қаржырыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 19 қантардағы N 8 қаулысымен .*

35. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының - кепілдік берілген сақтандыру төлемдері жүйесі қатысушысының тарату комиссиясының құрамына уәкілетті органға ұсынылған өтініш негізінде міндетті сақтандыру түрлері бойынша сақтандыру төлемдеріне кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымының

екілі кірүі мүмкін.

*Ескерту: 35-тармақ жаңа редакцияда жазылды - КР Қаржырыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 19 қантардағы N 8 қаулысымен .*

### 36. Тарату комиссиясы:

1) талап қою тәртібін, мерзімін және кредиторлардың өз талаптарын қоюға құқылы мекен-жайды міндетті түрде көрсете отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын еріксіз тарату туралы ақпаратты орталық әділет органдының ресми басылымдарында мемлекеттік тілде және орыс тілінде кешіктіремей жариялады;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату бойынша міндеттердің тарату комиссиясына жүктелгенін раставтың құжатты сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басшыларына қол қойдыра отырып таныстырады;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басшыларынан, не (қайта сақтандыру) ұйымының уақытша әкімшілігінен (уақытша басқарушысынан) қабылдау-өткізу туралы акт жасай отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мөртабандарын, мөрлерін, электронды ақпарат тасымалдаушыларын, бағдарламалық қамтамасыз етуін, бланкілері мен басқа да барлық құжаттарын

тез арада талап етеді;

4) қабылдау-өткізу актің бойынша активтерді, оның ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкін қабылдайды, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы шарттарының (полистерінің) бланкілерін және сақтандыру агенттеріндегі қолма-қол ақшаның қалдығын алады;

5) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кассасына тез арада түгендеу жүргізеді, ақша қалдығын таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ағымдағы есепшоттарына есептейді;

6) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының банктік есепшоттарын салыстырып тексереді, оларды жабады және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату комиссиясы белгілеген күннен бастап 10 жұмыс күні ішінде таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының теңгемен және валютамен ағымдағы есепшоттарын ашады;

7) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын еріксіз тарату туралы сот

қабылдаған шешім және тарату комиссиясының тағайындалғаны туралы хабарландыруды сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының клиенттері үшін көрінетін жерге орналастырады;

8) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметкерлерін еңбек заңдарына сәйкес жұмыстан шығарады;

9) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері мен міндеттемелеріне түгендегү жүргізеді;

10) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату мақсаттарына сәйкес оның активтерін анықтайды және активтерін басқарады;

10-1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жасаған сақтандыру шарттары бойынша оның міндеттемелерінен тұратын сақтандыру портфелін басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына беру жөнінде шаралар қабылдайды;

11) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атынан сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату және үйым қызметін аяқтау мақсаттарына сәйкес басшылық міндеттерін атқарады;

12) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының атынан сотта талап қояды және мүддеме білдіреді;

13) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бағдарламалық қамтамасыз етуін және электронды ақпарат тасымалдаушыларын, сондай-ақ басқа да ақпараттарын сақтауды қамтамасыз етеді;

14) толық материалдық жауап беретін адамдар тобын, оның ішінде бухгалтерлік есеп жүргізуін және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қаржылық және басқа да есебін жасаудың электронды жүйесіне кіре алатын адамдарды белгілейді;

15) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату процесі басталған күнге электронды түрдегі есепке алу-бухгалтерлік ақпаратты шығарады. Мұндай ақпарат электронды түрде жоқ болған жағдайда қағазға шығарылған ақпарат негізге алдынарады;

16) кредиторлар тізімін жасайды, қолда бар құжаттар бойынша олардың мекен-жайларын белгілейді және талдау есебінің деректерін салыстырады;

17) кредиторлар туралы мәліметтер болмаған жағдайда деректемелерді және жазбаша хабарлау мүмкіндігінің болмау себептерін көрсете отырып акт жасайды;

18) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының әр кредиторына еріксіз тарату туралы жазбаша хабарлайды;

19) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторларының талаптарының заңдылығын анықтайды және оларды сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бекітілген аралық тарату балансына

сәйкес

қанағаттандырады;

20) өз функциялары мен міндеттерін орындауды қамтамасыз ету үшін келісім-шарт бойынша қажетті қызметкерлерді жалдайды;

21) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын таратудың барлық кезеңі бойына сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкі мен құжаттарының сақталуы бойынша шаралар қабылдайды;

22) уәкілетті органның талап етуі бойынша тарату өндірісіне қатысты мәліметтерді ұсынады;

23) тарату туралы есепті, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату балансын жасайды және оларды келісу үшін уәкілетті органға жібереді;

24) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату аяқталғаннан кейін құжаттарды белгіленген тәртіппен мұрағатқа сақтауға өткізеді және бұл жөнінде уәкілетті органға мәлімдейді;

25) осы Ережеге және Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес басқа да өкілеттіктер мен міндеттерге ие болады.

*Ескерту: 36-тармаққа өзгертулер мен толықтыру енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 19 қантардағы N 8 қаулысымен .*

37. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ағымдағы шоты оның бас оғисі тұрған жерде екінші деңгейдегі банкте ашылады.

Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, оның ішінде филиалдары мен өкілдіктерінің барлық ақшасы таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының ағымдағы шотына есептеледі.

Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының алдында берешегі жоқ заңды және жеке тұлғалардың жазбаша талаптары бойынша тарату комиссиясы сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын еріксіз тарату туралы соттың шешімі заңды қүшіне енгеннен кейін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының банктік есепшоттарына түсken ақшаны тез арада қайтарады.

*Ескерту: 37-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 19 қантардағы N 8 қаулысымен .*

38. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату комиссиясы белгіленген мерзімде уәкілетті органға орындалған жұмыс туралы, ал қажет болған жағдайда қосымша ақпаратты да ұсынады. Бөлімшелер орындалған жұмыс туралы есепті тарату комиссиясының төрағасына ұсынады.

##### **5-тaraу. Активтерді басқару және талаптарды қарау**

39. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтеріне құндық бағасы бар және тарату массасын қалыптастыру үшін негіз құрайтын мүлік, мүліктік және жеке мүліктік емес игіліктер мен құқықтар кіреді.

40. Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының тарату комиссиясы осы Ережеге және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының мүлкіне (активтеріне), жеке есепшоттарына, сақтандыру шарттарына (полистеріне), басқа да сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарына кейінгे қалдырмай түгендеу жүргізуге, сондай-ақ таратылатын сақтандыру үйымының уәкілетті қызметкерлерін қатыстыра отырып баланстық есепшоттардың және меморандум есепшоттарының барлық қалдықтарын салыстырып тексеруге міндettі. Түгендеу нәтижелері бойынша акт жасалады.

41. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының түгендеу арқылы анықталған барлық активтері таратылу массасына қосылуы тиіс. Таратылу басталғанда сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының балансына енгізілмеген және түгендеу барысында анықталған активтері таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының аралық балансында көрсетілуі тиіс.

42. Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының барлық шарттары, сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының басқа да міндеттемелері бойынша шарттар қолда бар барлық құжаттармен қоса тізімделуге және есепке алу-тіркеу құжаттарымен бірге кейін салыстырып тексеруге жатады. Құжаттар арасында айырмашылық анықталса не құжат болмаса, себебі көрсетіле отырып, акт жасалады.

43. Тарату комиссиясы бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар бағалаушыны тарта отырып таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымын мұлкін мүлкін баралай.

*Ескерту: 43-тармаққа өзгерту енгізілді - КР Қаржы рыногын және қаржылық үйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 8 қаулысымен .*

44. Егер таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының кредиторлар мен акционерлердің талаптарын қанағаттандыру үшін ақшасы жеткіліксіз болған жағдайда тарату комиссиясы таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының мүлкін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және кредиторлар комитеті бекіткен мүлік сату жоспарына сәйкес жария сауда арқылы сатады.

45. Тарату комиссиясы тарату массасын толтыру үшін дебиторлық берешек өндіріп алу жөнінде, оның ішінде сақтандыру резервтерінің орналастырылған қаражатын қайтару жөнінде жұмыс жүргізуге міндettі.

46. Мұліктік құқығы және занды мұддесі соттың сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымын еріксіз тарату туралы шешім қабылдауы нәтижесінде бұзылуы ықтимал занды тұлғалар, занды тұлға құрмай-ақ кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын азаматтар сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарымен дауларды тікелей реттеу мақсатында оның тарату комиссиясына жазбаша шағым береді .

Кредитор жеке тұлғалар сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының тарату комиссиясына растайтын құжаттардың көшірмелерімен бірге жазбаша өтініш береді.

47. Кредиторлардың талаптарында талаптың мөлшері (негізгі борыштың мөлшері туралы жеке, сыйақы (мұдде), тұрақсыздық айыбы және басқа айыппұл санкциялары, шығындар, талаптың негізdemесін және мөлшерін растайтын құжаттар туралы мәліметтер және талаптың мөлшері (күшіне енген сот шешімдері, шарттардың көшірмелері, борышкердің борышты мойындауы және басқалары) болуы тиіс.

48. Шағым (өтініш) сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымы мен кредиторлар арасында жасалынған шартта басқа мерзім келісілмеген жағдайда, оны алған күннен бастап екі апта мерзімде қаралуы тиіс.

49. Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының тарату комиссиясы шағымды (өтінішті) қарau кезінде қойылатын талаптың заңдылығын және оның негізділігін т е к с е р у і т и і с .

Егер шағымға (өтінішке) қаралуға тиісті қажетті құжаттар қоса берілмесе, онда олар өтініш берушіден почтамен жіберілген жолдағы уақытты санамағанда кемінде 5 күн болатын беру мерзімімен сұратып алынады. Талап етілген құжаттар көрсетілген мерзімде алынбаған жағдайда шағым (өтініш) қолда бар құжаттар бойынша қаралады.

50. Шағымды (өтінішті) алған тарату комиссиясы өтініш берушінің негізделген талабын тануға және жазбаша түрде шағымды (өтінішті) қарau нәтижелері бойынша хабарлауға міндettі.

Шағымға (өтінішке) берілетін жауапта мыналар көрсетіледі:

1) шағым (өтініш) берушінің және жауап беретін тарату комиссиясының толық атауы, почталық деректемелері, жауап берілетін шағымның (өтініштің) күні және номері;

2) шағымды (өтінішті) толық немесе ішінара таныған жағдайда, егер ол ақшалай бағалауға жатқызылмаса, танылған сома не шағымның (өтініштің) мерзімі және қанағаттандыру әдісі көрсетіледі;

3) шағым (өтініш) толық немесе ішінара ауытқыған жағдайда - шағымның (өтініштің) ауытқуына негізделген тиісті нормативтік құқықтық актілер мен құжаттарға сүйенген ауытқу себептері;

4) жауапқа қоса берілген құжаттардың және басқа дәлелдемелердің тізбесі.

51. Шағым (өтініш) толық немесе ішінара кейінге қалдырылған жағдайда, өтініш берушіге шағыммен (өтінішпен) қоса берілген құжаттар қайтарылуы тиіс, сондай-ақ шағымды (өтінішті) кейінге қалдыруға негіз болатын құжаттар өтініш берушіде жоқ болса, олар жіберіледі.

52. Кредиторға жауап арнайы немесе бағалы хатпен, хаттың жіберілуін белгілейтін басқа байланыс құралдарымен жіберіледі.

53. Шағымды (өтінішті) беруге арналған мерзім сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымын еріксіз тарату туралы хабарландыру баспада жарияланған күннен бастап есептеледі және 2 айдан кем болмауы тиіс.

54. Шағым (өтініш) беру, сондай-ақ барлық ұсынылған шағымды (өтінішті) қарау мерзімі аяқталғаннан кейін, сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының тарату комиссиясы бір айлық мерзімде активтерді түгендеу нәтижелерін ескере отырып, аралық тарату балансын жасайды, мұнда таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының мүлкі, кредиторлар берген шағымдар мен өтініштердің тізбесі, оларды қарау нәтижелері және сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының кредиторларынан талап етілмеген берешектері, кредиторлардың талаптарының тізілімі туралы мәліметтер болуы тиіс.

Филиалдары және өкілдіктері бар сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымдарының аралық тарату балансы филиалдар мен өкілдіктердің аралық тарату баланстарын ескере отырып жасалады.

55. Аралық тарату балансы және оған қосымшалар, оның ішінде кредиторлардың талаптарының тізілімін уәкілетті орган белгілеген нысандар бойынша тарату комиссиясы жасайды және оны сот бекітеді.

56. Аралық тарату балансы және кредиторлар талаптарының тізілімі жасалғаннан кейін тарату комиссиясы оларды уәкілетті органға бекітуге ұсынады .

*Ескерту: 56-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржырыногын және қаржылық үйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 8 қаулысымен .*

57. Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының тарату комиссиясы кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру, олардың мүддесін қамтамасыз ету мақсатында кредиторлардың талаптарының тізілімін жасайды және "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 72-бабында белгіленген кезектілікке сәйкес болуы тиіс.

58. Кредиторлардың талаптарының тізіліміне даусыз болып табылатын, белгіленген мерзімде көрсетілген және тарату комиссиясы таныған кредиторлардың талаптары кіреді.

Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының ағымдағы есепшотына берілген, заңды қүшіне енген сот шешімдері бойынша орындау құжаттары кредиторлардың талаптарын есепке алу үшін тарату комиссиясының төрағасына б е р і л е д і .

Орындау құжаттары танылған талаптар деп табылады және орындалмаған сома мөлшерінде кредиторлардың тізіліміндегі тиісті кезекте есептеледі.

*Ескеरту: 59-тармақ алынып тасталды - ҚР Қаржырыногын және қаржылық үйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 19 қантардағы N 8 қаулысымен .*

60. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының міндеттемелері бойынша есеп айырысулар "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 72-бабының 2-тармағында көзделген шығыстарды қоспағанда, аралық тарату балансы және оның қосымшалары уәкілетті органда бекітілгеннен кейін ғана жүзеге асырылады.

*Ескерту: 60-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржырыногын және қаржылық үйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 19 қантардағы N 8 қаулысымен .*

**6-тaraу. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру)  
ұйымы кредиторларының талаптарын қанағаттандыру**

61. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы кредиторларының талаптары уәкілетті органда бекітілген күннен бастап аралық тарату балансына сәйкес "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 72-бабында көзделген тәртіппен қанағаттандырылады.

*Ескерту: 61-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржырыногын және қаржылық үйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 19 қантардағы N 8 қаулысымен .*

62. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату ісіне байланысты шығыстар, сондай-ақ соттың сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату туралы шешімі занды күшіне енген күнге дейін басталған сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру шығыстары кезектен т ы с жүргізіледі .

Тарату массасын мақсатсыз жұмсауға, сондай-ақ тарату комиссиясына ақы төлеу үшін екі айдан астам мерзімге қаражатты резервтеуге тыйым салынады.

*Ескерту: 62-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржырыногын және қаржылық үйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 19 қантардағы N 8 қаулысымен .*

63. Кредиторлардың басталған сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемдері жөніндегі бірнеше талаптары түскен кезде, талаптар түсу кезегінің уақытымен қанағаттандырылады.

64. Әр кезектің талаптары алдындағы кезектің талаптарынан кейін қанағаттандырылады .

Бір кезектегі кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру кезінде қаражат олардың арасында қанағаттандырылуға тиісті талаптардың тең сомасымен бөлінеді.

65. Тиісті кезек басталған кезде кредитордың талабы өзінің келісімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін әдістермен, оның ішінде есептердің тендік принциптерін сақтай отырып, ақшалай нысанда және (немесе) мүлікті табиғи нысанда өткізу арқылы қанағаттандырылуы мүмкін.

66. Тарату комиссиясының шағымдарды беру үшін белгілеген мерзімі біткеннен кейін, бірақ тарату балансын бекіткенге дейін берілген кредиторлардың талаптары кредиторлардың белгіленген мерзімде берілген талаптарын қанағаттандырылғаннан кейін қалған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкімен қанағаттандырылады.

67. Тарату комиссиясы кредиторлардың талаптарын қанағаттандырудан бас тартқан не оларды қараудан жалтарған жағдайда, кредитор сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының тарату балансын бекіткенге дейін тарату комиссиясына шағым береде отырып, сотқа өтініш жасайды.

Кредиторлардың белгіленген мерзімде берілген, бірақ тарату комиссиясы қабылдамаған, соттың қанағаттандыру туралы шешімі бар талаптары кредиторлармен жүргізілетін есеп айырысулар үшін белгіленген кезек тәртібімен орындалады. Көрсетілген талаптарды толық қанағаттандырғанға дейін кредиторлар талаптарының есеп айырысу жасалған кезегін қанағаттандыру тоқтатылады.

68. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мүлкінің жетіспеуінен қанағаттандырылмаған, сондай-ақ тарату балансын бекіткенге дейін берілмеген кредиторлардың талаптары өтелген деп саналады.

69. Сонымен бірге егер кредитор сотқа шағым бермесе және соттың шешімімен кредитордың шағымын қанағаттандырудан бас тартса, кредиторлардың тарату комиссиясы қабылдамаған талаптары өтелген деп саналады.

70. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторлармен есептесу аяқталғаннан кейін қалған мүлкін тарату комиссиясы "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасы Занында белгіленген тәртіппен акционерлердің арасында бөледі.

## **7-тaraу. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторлар комитеті**

71. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату кезінде кредиторлардың мүддесін қамтамасыз ету және олардың қатысуымен шешімдер қабылдау мақсатында кредиторлар комитеті құрылады.

Кредиторлар комитеті өз қызметінде уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

*Ескерту: 71-тармаққа толықтыру енгізілді - ҚР Қаржырындың және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 19 қантардағы N 8 қаулысымен .*

72. Тарату комиссиясы кредиторлар комитеті құрамының тізімін аралық тарату балансы және кредиторлардың тізілімі бекітілген күннен бастап он күндік мерзімде жасайды, тарату комиссиясының төрағасының қолы қойылып, тез арада уәкілетті органға бекітуге жібереді.

*Ескерту: 72-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржырындың және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 19 қантардағы N 8 қаулысымен .*

73. Кредиторлар комитетінің құрамына кезекті әр топтан кемінде бір өкілден, таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына негұрлым көп сомада талап қойып отырған кредитор кірге құқылы.

74. Кредиторлар комитетінің мүшелері үштен тоғыз адамға дейін так саннан тұрады.

75. Кредитор кредиторлар комитетінің жұмысына қатысадан бас тартуға құқылы.

76. Кредиторлар комитеті мүшесінің талаптары толық қанағаттандырылған жағдайда, ол кредиторлар комитетінің құрамынан шығарылады. Мұндай жағдайда тарату комиссиясы кейіннен кредиторлар комитетінің тізімін уәкілетті органға бекітуге ұсына отырып, кредиторлар комитетінің құрамын өзгерту жөнінде жұмыс жүргізді .

*Ескерту: 76-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржырындың және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 19 қантардағы N 8 қаулысымен .*

77. Тарату комиссиясы комитеттің бірінші мәжілісінің өтетін орнын және күнін кредиторлар комитетінің барлық мүшелеріне хабарлайды.

Кредиторлар комитетінің бірінші мәжілісі кредиторлар комитетінің құрамы бекітілген күннен бастап он күннен кешіктірмей мерзімде өткізуі тиіс. Бірінші мәжілісте дауыс беру рәсімінде дауыстар тең болған кезде шешуші дауыс құқығы берілетін комитет төрағасын тандауға міндетті. Кредиторлар комитетінің төрағасы комитет жұмысының жоспарын жасайды және бекітеді.

78. Кредиторлар комитетінің кейінгі мәжілістері комитет белгілеген тәртіппен және мерзімде шақырылады.

#### 79 . Кредиторлар комитеті :

- 1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын тарату барысында жасалатын барлық құжаттармен танысуға ;
- 2) кредиторлардың құқықтары мен мұдделерін бұзу туралы шағымын қарауға қатысуга ;

3) сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымын тарату барысында кредиторлардың құқықтарын, занды мүдделерін және заңнамалық талаптарын бұзушылықтар, оның ішінде сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының тарату комиссиясы мүшелерінің өздерінің міндеттемелерін тиісті дәрежеде орындамағаны туралы уәкілетті органға және сотқа хабарлауға;

4) тарату комиссиясының әрекетіне сотқа және уәкілетті органға шағым жасауға;

5) мүлік сату бойынша аукциондарды және тарату комиссиясының мәжілісін қоса алғанда, кез келген тарату ресімі болған кезде қатысуға құқығы бар комитет кредиторлары мүшелерінің ішінен кредитордың өкілдерін сайлауға;

6) тарату комиссиясынан таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының қаржылық жай-қүйі туралы ақпарат беруді талап етуге;

7) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымынан өндіріп алуға мүмкін емес дебиторлық берешегінің көлемін бекітуге;

8) тарату комиссиясы берген сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының тарату массасын жүзеге асыру жоспарын бекітуге;

9) сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының қаржылық жағдайын ескере отырып, тарату комиссиясының төрағасы мен мүшелеріне төленетін негізгі және қосымша төлемдердің мөлшерін қоса, тарату шығыстарының сметасын бекітуге;

10) тарату комиссиясының жекелеген кредиторларына хабар жіберудің мүмкін еместігі туралы актіні бекітуге;

11) тарату комиссиясының сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының балансынан мүлікті есептен шығару туралы актіні бекітуге құқылы.

*Ескерту: 79-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы рыногын және қаржылық үйимдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 19 қаңтардағы N 8 қаулысымен .*

80. Кредиторлар комитетінің мәжілісі хаттамамен ресімделеді.

81. Кредиторлар комитетінің шешімі жай көпшілік дауыспен қабылданады.

82. Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының барлық қалған кредиторлары кеңес беру дауысы құқығымен кредиторлар комитетінің мәжілісіне қатысуға құқылы.

### **8-тaraу. Уәкілетті орган**

83. "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 70-бабының 4-тармағына сәйкес уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының тарату комиссиясының қызметіне бақылау жасайды.

8 4 .      У ә к і л е т т і      о р г а н :

1) тарату комиссиясы ұсынатын есептер мен қосымша ақпараттың нысанын, мерзімін және кезеңділігін белгілейді;

1-1) таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының тарату комиссиясын тағайындауды;

2) еріксіз таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының аралық тарату балансын және кредиторлар талаптарының тізілімін бекітеді;

3) тарату комиссиясы ұсынған кредиторлар комитетінің тізімін бекітеді;

4) тарату комиссиясы ұсынған сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының тарату туралы есебі мен тарату балансын қарайды және келіседі;

5) сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының тарату комиссиясының қызметіне тексеру жүргізді;

5-1) тарату комиссияларының қызметінде Қазақстан Республикасы заңдарының, кредиторлардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы анықталғанда заң бұзушылықтарды жою туралы жазбаша нұсқамалар шығарады, нұсқамалардың орындалу мерзімін белгілейді.

6) сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының тарату комиссиясының қызметін бақылау бойынша осы Ережеде және басқа нормативтік құқықтық актілерде көзделген басқа да өкілеттіктері бар.

*Ескерту: 84-тармаққа өзгертулер мен толықтырулар енгізілді - ҚР Қаржырыногын және қаржылық үйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 19 қантардағы N 8 қаулысымен .*

85. Сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының тарату комиссиясының қызметін кредиторлар комитетінің, сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының жекелеген кредиторларының немесе акционерлерінің өтініші бойынша, сондай-ақ өзінің бастамасы бойынша уәкілетті орган тексереді.

86. Егер сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының тарату комиссиясының қызметін тексеру немесе уәкілетті органға ұсынылған мәліметтерді талдау нәтижесінде кредиторлардың және акционерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзғандығы, сондай-ақ тарату барысын жүргізуінде заңнама реттеген тәртібін бұзғандығы анықталса, уәкілетті орган сақтандыру (қайта сақтандыру) үйымының тарату комиссиясына көрсетілген жөнсіздіктерді өзі белгілеген мерзімде жою жөнінде орындауға міндепті жазбаша нұсқау жібереді.

*Ескерту: 86-тармаққа өзгертулер мен толықтырулар енгізілді - ҚР Қаржырыногын және қаржылық үйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 19 қантардағы N 8 қаулысымен .*

87. Тарату комиссиясы белгіленген мерзімде жазбаша нұсқамаларды орындаған жағдайда, уәкілетті орган кредиторлардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін сотқа не прокуратура органдарына өтініш береді .

*Ескеरту: 87-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржырындың және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 19 қантардағы N 8 қаулысымен .*

**9-тарау. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымын таратуды аяқтау**

88. Таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының кредиторларымен және акционерлерімен есеп айырысуы аяқталғаннан кейін тарату комиссиясы сотқа уәкілетті органмен келісілген тарату туралы есепті және тарату балансын ұсынады.

Сот тарату туралы есепті және тарату балансын бекітеді және тарату өндірісінің аяқталғаны туралы ұйғарым шығарады.

*Ескеरту: 88-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржырындың және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 19 қантардағы N 8 қаулысымен .*

89. Тарату комиссиясы сот ұйғарымының көшірмесін заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуді, филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуді жүзеге асыратын тиісті әділет органына, сондай-ақ уәкілетті органға жібереді.

*Ескерту: 89-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Қаржырындың және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 19 қантардағы N 8 қаулысымен .*

90. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының таратылуын тіркеу "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

*Ескерту: 90-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржырындың және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі басқармасы Төрағасының 2004 жылғы 19 қантардағы N 8 қаулысымен .*

91. Тарату комиссиясының өкілеттігі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының таратылуын тіркеу туралы әділет органының бүйіріғын алғаннан кейін, құжаттарды сақтау үшін архивке тапсырғаннан кейін және бұл жөнінде уәкілетті органды хабардар еткеннен кейін тоқтатылады.

**10-тарау. Қорытынды ережелер**

92. Осы Ережеде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнама нормаларына сәйкес шешілуі тиіс.

*Казакстан Республикасы*

*Ұлттық Банкінің Төрағасы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК